

Әдеби
пенуарлар

1 2007
1 к

ҒАҒУ ҚАЙЫРБЕКОВ

АЛЫС ТА ЖАҚЫН ЖАҒАЛАУ





Arturo

Ғафу Қайырбеков

АЛЫС ТА ЖАҚЫН ЖАҒАЛАУ

(Екінші кітап)



Алматы “Білім” 2006

ББК 83.3 (5 Қаз)

Қ 23 /

*Жинақты құрастырып, баспаға дайындаған Ғафу жары
Бәдеш Хамзақұзы*

Қайырбеков Ғ.

Қ 23 Алыс та жақын жағалау. (Екінші кітап) — Алматы:
“Білім” баспасы, 2006. — 192 бет.

ISBN 9965-09-414-4

Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ғафу Қайырбековтың бұл кітабына ірі ақын-жазушылар мен өз замандастары туралы бұрын жарияланбаған ой-толғамдары, олардың шығармаларына жазған пікірлері топтастырылған.

Қ 4603020000
412(05)-06

ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-09-414-4

© Ғафу Қайырбеков., 2006
© “Білім” баспасы, 2006

ДАУЫЛ МЕН ОТТАН ЖАРАЛҒАН

(Қасым Аманжолов туралы мақалалар)

Атақты адамдармен ең үлкен екі кездесу болады да, кейінгі кездесулер солардың нәтижесі ретінде жалғаса береді. Менің ойымдағы, әрине, өнер адамдары, солардың ішінде ақын-жазушылар, өзімнің қаламдас аға-іні, жолдастарым.

Бірінші кездесу — олардың творчествасымен танысу. Екіншісі — өмірде өзімен көзбе-көз кездесу.

Қасыммен бірінші кездесуім, яғни творчествосымен кездесу — тым балаң кезімде комсомол ақындардың бәйге алған поэмалар жинағындағы “Күпия қыз” поэмасын оқудан басталды. Екінші рет Низамидің атақты поэмасы “Ләйлі-Мәжнүннің” қазақша басылуындағы Қасым аударған жеке тарауларды оқу арқылы кездестім. Үшінші рет соғыс жылында “Социалистік Қазақстанда” басылған “Абдолла” поэмасы, яғни “Ақын өлімі туралы аңызбен” кездестім. Творчествосымен бұл үш кездесу — өз ойымша, ең сәтті кездесулер екенін енді болжаймын. Неге? Бұлар Қасым жазған шығармалардың қолыма түскен жай ғана тізбегі емес екен. Осы үшеуі арқылы Қасымның әдебиеттегі он жылының творчестводағы өсу, даму белесін, өзгеру құбылысын анықтауға болады екен. “Күпия қыздағы” ой, сөз кестесін өзгертіп алады да, “Абдоллада” мүлде басқа Қасым болып шыға келеді. Ақындықтағы мұндай шұғыл құбылыстың байқалуы анық талант иелерінің өмірінде ғана болады. Олардың өсу жолдары осылай жіті қараған көзге жүйе-жүйе боп, тарамданып, ап-айқын көрініп тұрады. Қай жерде ырғу процесінің жасалғаны немесе құлпыруы да, аялдауы да — бәрі-бәрісі аян, анық секілді сезіледі. Ал, алғашында қалай бастаса, солай келе жатқандар да болады. Ол — басқа мәселе.

Осылардан кейін мен Қасым творчествосымен кездесе бердім. Баршаға мәлім, дәл соғыс аяқталар алдында, аяқталғаннан кейінгі алғашқы айларда “Социалистік Қазақстан” және “Лениншіл жаста” Қасым өлеңдері бірінен соң бірі бұрқырап шығып жатты. Жауды жеңген совет солдаттарының қуанышын, сағынып еліне оралған жауынгердің өлшеусіз бақытын сол жалындаған ақ көңіл, ақтарылма сезім жырлардан әбден көруге болатын еді. Өзім көзімде шаттық

жасы аралас ессіз елтіп оқушы едім. Солардың бәрін қазірге дейін жатқа білем. Газеттің қай бұрышында қандай әріппен басылғандары да есімде.

Менің Қасымға деген ризалық, сүйіспеншілігім сол алыс жылдардан, шала бала, шала ересек күндерден, үміт әлсіз, қиял басым кездерден басталып еді. Апыл-тапыл басқан нәресте жырларым бар, оларға Қасым жырларын қосып, “Осындай болындар, сендер де!” деп, көкірегімнің ыстығына басып әлдилеуші ем оларды. Домбыраға ілестіріп, әуенге салып айтар ем соларды...

Енді кездесудің екінші бөліміне кошейін. Қасымның өзімен кездесу, шынымды айтайын, маған мүмкін емес нәрседей көрінетін. Жай армандағаныммен, “кездеспесем, кездеспеспін, тірлігіне тілектестіктің өзі неге тұрады”, – деп ойлап, оған өкінбеске өзімді көндіріп қойғанмын. Алғаш 1946 жылы Қасымның “Дауыл” жинағы жарыққа шыққан. Соның жаңа әсерімен Алматыға оқуға келгем. Қазір білмеймін, қалай екенін, соғыстан соң білім аңсаған, жас мөлшері сан қилы біздер қазақтың белгілі адамдарын, “Әне, кетіп барады!” десе, қуалай жүріп көретінбіз. Сол күймен атақты жазушы, артист, инженер, ғалым дегендердің бірсыпырасын көріп, көрмегендерге мақтанып айтып, мен де жүрдім. Ноябрьдің аяқ кезі болатын, бір күні кешке тұнғыш қар жауды. “Жазушылардың Алматы қалалық жиналысы бүгін кешке ҚазПИ-дің II аудиториясында өтеді” деген хабар дүңк ете түсті. “Барған адам кіре беретін көрінеді” десті. Қайда саған! Барсам, кірмек түгіл, жақындау мүмкін емес, есікті ашып қойғанмен, бірінің үстіне бірі шығып кеткен студенттер есіктің көзін бітеп алған. Коридорда тұрғандарға “пәленше бар, түгенше бар екен” дегенді есікке басы кіргендер хабарлап тұрды. Мен сол коридордағылардың алдыңғы жағына әрең іліктім. Әлгі хабаршылар Сәбеңнен бастап айтып кеп: “Қасым да бар екен!” – деді. Жүрегім тулай жөнелді. Тулағанмен амал қайда? “Мен сол кісіні көруге тиісті едім”, – деп, кәдімгі тығыз шаруасы бар адамдай, алдыңғыларға қыңқылдап көріп ем, – жолатар емес. Сәбең сөйлеп тұр екен, дауысы келеді, өзім көрмеймін. Сол кезде жер сілкініп іштегі, коридордағы шамдар қозғалып кетті. “Жігіттер, сабыр етейік, сөзді қоя тұрамыз ба, қайтеміз?” – деді Сәбең.

Сол кезде: “Сәбе, жер қозғалып тұрғанда сөйлеген жақсы болады, ерегіскенде айта беріңіз!” – деді біреу. Жұрт ду күлді. Көріп тұрған біреу бізге “Қасым ғой!” – деді. Сірә, бұрын көрген қу ма дедім. Сәті болғанда, аяғы талған біреу жерге түсті де, соның орнына шығып кеттім. Сол кезде жиналыс та бітті. Көріп қалғаным Сәбеңнің қасында еңгезердей, көзі

тостағандай біреу түр екен. Ар жағын аңғармадым. Жұрт сапырылысты да кетті. Бірақ мен әлгі ұзыннан қоз жазбадым. Сыртқа шыққан соң да қараңғыға дейін соңынан аздап ілесіп барып қайттым. “Қасым осы екен!” — деп түйідім ішімнен. Жатақханаға келсем, әркім өз көрген-білгенін айтып жатыр. Мен де Қасымды “көргенімді” айттым. Еңгезердей кісіні Қасым деу себебім — мені, қиялымда қобіне-қоп еңгезердей қайратты, отты тостаған көз, арыстай жігіт елестейтін. Менің көңіл қозымда өзім салып алған Қасымның суреті болатын. Әлгі соған сәйкес келе кетті. Толық айтуға орын тар, бірнеше ай өткен соң, бір жолдаспен, осы күні ол да жазушы, көшеде келе жатып, әлгі адамды тағы сыртынан көріп қалдым да: “Әне, анау Қасым!” — дедім. Ол пысықтау болатын. “Қәне! — деп жақындап келді де, — ой, мұны білем. Бұл Қасым емес!” — деді. “Тек!” деппін сасқанымнан. “Енді кім?” “Бұл да ақын, бірақ бұл Аллажар Теміржанов!” — деуі қалай. Ол кісімен де сырттай таныспын. Не дерімді білмей қалдым...

Менің Қасымды “көруімнің” бірінші бөлімі осылай аяқталды. 1948 жылдың жазы. Бір жыл үзілістен соң оқуға қайта келгем. Ол кезде Қостанайда тұратын, сол жылы бірінші кітабы шыққан жас ақын, бірақ маған аға, ұстаз Сырбай Мәуленов кездесе кетті. Елді сағынған мен күшпақтай алдым. Аз әңгімеден соң: “Ал, мен саған Қасымды көрсетем!” — деді. Әзіл екен деп қап: “Ой, қойыңызшы!” — дедім. Кіші болсам да ойнай беретін. Осы жолғысы рас болды. Кітабын көрсетті. Редакторы Қасым Аманжолов екен. Екеуміз шеткі көшелермен тау жаққа ормелеп келеміз. Ар жағы тауға сүйенген қаз-қатар төрт-бес үйдің бірінің қорасына кірдік. Есік ашық. Ауыз үй, ортаңғы үй, түпкі болме, аралап келеміз. ешкім жоқ. Сырекең бұлар қайда кеткен деді де, түпкі бөлменің терезесінен сыртқа үңілді. Мені ымдап шақырды. Тау мен үйдің арасында бұлақ ағып жатыр, бер жағында аздап гүл еккен алаңша бар. Соның ортасында галифе шалбарының балағын түрген, қойлекшең, жалаң бас біреу. қолында күрегі бар, бірдемені қазғылап, әуре боп жүр.

— Осы — Қасым! — деді Сырекең қойып қалғандай. Қозім бадырайып кетсе керек. — Неменеге бақыраясың, рас осы! — деді Сырекең ашуланғандай боп.

Сол екі арада әлгі адам үйге кіріп келді. Балтыры батпақ-батпақ.

— Ә, Сырбай, амансың ба? — деп, оған қолын ұсынды. маған қараған да жоқ, қолын да берген жоқ. Оған танданбадым. Осы адамның Қасым болғанына әлі таң қалып тұрмын. Өйткені, Сырекең сәлден соң: — Мынау Ғафу

Қайырбеков деген бір өлеңге талабы бар бала еді, таныссын деп ертіп келдім, — деді.

Маңдайы аласалау, шашы жөнге келе қоймайтын қиғаш-қиғаш жығылған қысқа, қоңыр көзі өткір, сәл имек мұрынды, бет сүйегі шағын, шықшыты шығыңқы, аласадан сәл ғана биік кісі маған сонда ғана көз тастады да, жүзіне жұқа кейіс нышаны білініп:

— Әй, осы Қуандық екеуің көрінген баланы жетелеп әкелуді қоймадыңдар-ау! Немене бұл?! Бүгін әсекілікпен бесалты ауыз өлең жазатын, ертең басқа кәсібiне ауысып тарта беретін уақытша қуларды қайтпексiңдер? — деді. Зәрем зәр түбіне кетті. Қалшиып тұрып қалпын. Тiлеуiндi бергiр Сырекен:

— Жок, Қасеке, бұл ақын болады, өлеңдерiн тыңдап көрiнiз, — деді.

Ол маған тағы қарады. Қозқарасы дереу жұмсарды да:

— Домбыра тартасың, ба? — деді. — Тартады, — деді Сырекен. менің орным. Ол күмбiрлете өзi бiр сырғытып тартып алды да, домбырасын маған ұсынды. Ұзын столдың арғы жағына менi отырғызып, өзi қарсы қарап отырды. Мен “Қыз-бел суреттерi” деген ұзағырақ толғауымды бастай жөнелдiм. Терiс айналып кете ме деп қорқып отырмын. Екi-үш шумақтан аралатып алып көзiмнiң астымен қарап қоям. Шамалы жүз жолдай өткенiмде қарасам, басын изеп, күлiмсiреп отыр екен. “Күдай бердi ғой” деп, әрi қарай сiлтедiм. Болдым-ау, ақыр! Қарасам, Қасекеңнiң анасы мен Сәпен жеңгей манадан келiп тыңдап тұр екен. Болысымен, әжей: “Айналайындап” келiп, бетiмнен сүйiп, ауыз үйден түз әкеп, басымды айналдырып бiр шықты. Кейiннен бiлдiм, мiнезi мейлiнше мейiрбан, ақ көңiл, тасығыш, кейде тез қырсыға қалатын, iшiндегiсiн сарт дегiзiп тiке айтатын, өзiнiң де жыр шығарып айтатыны бар кiсi едi. Шешелi, балалы екеуi өлеңмен айтысып, өзiлдесiп, бiрiне-бiрi еркелей отыратын кездерiн бiлемiн...

Қасекең орнынан тұрды да:

— Ал, кел, ендi қол алысып амандасайық, — деді. Қолымды алды. Сәл жүз суыта ойланып тұрды да:

— Шырағым, есiнде болсын! — деді — Сенiң анау жазық дала Торғайыңнан келгенде мынау Алатау аспанға аз-ақ тимей тұрған ғаламат болып көрiнуi ықтимал. Шынында да ғаламат емес пе? Ал, бiрақ, айтайын, сен Алматыға үйрене келе, сол Алатауға үнеми қарауға уақытың болмай кетедi. Әр құбылысқа ортақ мысал осы! — деді. Мен үндей алмадым. Біраз отырыстан соң, хал-жайымды сұрап бiлдi де:

— Бiм, м... Қиын екен жайың, өзiң жетiм өскен, жан-жағыңда сүйенерiң жоқ, жағдайың ауыр, бас көтерерiң сен,

қазір ондалып кеткен ештеме жоқ кез ғой. Иә! Жоқ, дегенмен, оқуың керек. Сырттан оқуды таста. Бір реті болар. Стипендия жоқ. Қашан дұрысталып кеткенінше осы үйде жүр, бөліп-жарып, су-суындасып, көрсерміз, — деді. Мен тағы да үндей алмадым, тек козімнен ыстық жастың табын сезгендей болдым... Сонымен, мен онымен бірге ақындықты, дәмді, жақсы сәттерді бөлісіп жарты жылдан астам тұрып қалдым. Екеуміз үйді ән, өлеңмен толтырушы едік. Ол шығарған әндерін маған ептеп үйрететін. “Дариға”, “Туған жер”, т.б. Өзі көз жұмғанға дейінгі жыл, ай, күндерді бөліскен шақ туралы әңгіме басқа ғой. Менің онымен кездесуім — өмірімнің де, ақындығымның да аяулы бақыты деп білемін. Иә, алғашқы кездесулер осылай еді.

* * *

Қазақ Совет поэзиясының жарты ғасырдан астам тарихында өз алдына оқшау жарқыраған жолы бар, ұзақ ғұмыры, ұланасыр жемісі бар ірі-ірі талант иелері туды. Олар әр он жылда еселеп қосылып отыратын талай ақынның толқынын бас болып, өз ықпалын өлшеусіз тигізген жомарт жандар, кемел ақын, керемет сезім иелері еді. Жалпы ұғымдағы ақын деген сөздің қадір-қасиетін жаңа сапада ұқтырған. туған елдің жаңа мәдениетін әлдеқайда көз көрмеген биікке көтеріскен шын мәнісіндегі зор қайраткер болды олар. Олардың сол ақындық, аға-азаматтық беделі әлі күнге ел көңіліне ешкім шаң жұқтырмайтын таза, аяулы күйінде сақтаулы. Олардың есімін айтқанда, “беу, сабаздар-ай” деп, ел бір серпіліп, рухының асқар биігінен, жан түкпірінен жаңғырыға үн қатады. Өлең, жыр деген сүйкімді қазынасын солардың есімімен шын қосақтап, шырқата дәріптейді. Міне, сондай бір аты аңызға айналған ардақты ақынның, анық азаматтың бірі, дауылпаз талант иесі — Қасым Аманжоловтың алпысқа толу мерекесін атап отырмыз.¹ Қасымның көзі жоқ болса да, оны жоқтатпайтын, өзі әбден сүйіп, құшағынан әбден босатпайтын үлкен махаббат иесі — туған елі бар. Бұл туған ел, Қасым өзі армансыз еркелеп өскен жер, әлі талай оның әсем де қуатты жырларын өзі туғызған бір ғажайып құбылыстай мақтан тұтып, мерекелей бермек.

Қасым Аманжолов — қазақ поэзиясын қазіргі дүние мәдениетінің шырқау шыңына теңдестірген, өлең өнерінің жаңа бір жан айтпаған ғажайып сиқырларын ашқан, сол арқылы ақындық құдыреттің нендей күш екенін ұқтырған,

¹ Бұл Ғафу Қайырбековтың әр жылдары жазған еңбектері болғандықтан, мұндағы жыл, ай мерзімдері әрқалай болып келеді.

өзіне дейінгі қазақ жырына бүгіндей өзгеше бұрылыс жасаған, арна салған, өз мектебі, үлгі-нұсқасы, соған лайықты алғыр ақын ұстаздары болған адам.

Сондықтан Қасым жайында жазғанда, халқымыздың аса бір аяулы адамы, ірі перзенті, мақтаныш тұлғасы, сүйікті ұлы жайындағы сөз көкейден кетпесе керек. **Халық махаббатына аз жылдың ішінде мұншалық көп бөленген, атағы тұтқиылдан тез тараған ақын болған емес немесе тым сирек.** Өттең, бұл он бес жылдың ішінде, өзінің ақындық абыройының керемет дүркіреп өскен кезінде, ол біздің арамызда жоқ болды, қазақтың қалың оқушысына оның үш томдық шығармалары толық жайылып үлгергенде, “Дариға”, “Туған жер” т.б. әндері әрең жетіп айтыла бастағанда, Қасым бұл өмірде жоқ еді. Оның жоқтық хабары елге шығармаларынан кешігіп жетті. Онысы бір жағынан дұрыс та болды. Себебі – осыншалық өнердің иесі, жасампаз, жарқын, асау, дені сап-сау өлеңдердің иесі өледі екен дегенге ел, жалпы қауым әлі сенбестен келеді. Себебі – ақынның жығылған туын көрген жоқ, жиылған қаралы топты көрген жоқ, көрмеген соң қалай сенсін? Дәл осылай соғыстың ауыр жылында әр үйдің шаңырағы өз боздағының майдан жолында мерт болғанына сенбейтін еді. Иә, Қасым өмір аспанынан байқаусыз ғана ағып түсті. Қаза бола салысымен, қайта тіріліп, шығармаларына ілесіп, тез-тез басып, ел аралап кетеді деп кім ойлаған? Әлі біз толық қанбай жатып, әлі жүзін емін-еркін көрмей жатып, әлі өзін сүйген елмен дәмдеспей жатып қоз жұмды деген не сүмдық? – деген сұрау тұрған еді елдің көңілінде. Қазір енді аман-есен ақындар жиі-жиі ел аралап, жұрт алдында жыр оқығанда, Қасым өлеңдері де қоса қабаттасып, алдыңнан шығады. Оларды көбіне-көп айтатын сол қалың жұртшылық. Қасекең ел ішінде ұзақ бір командировкада жүргендей өзің елегізіп қаласың. “Жақсы ақын елді күнде аралап жүреді екен-ау!” деген ойға келесің. **Қасым Аманжолов – қазақ өлеңіне батыл ой, еркін әрекет, ерекше мінез әкелді, қазақтың әдеби тіліне жаңа дәурен тудырған қуатты сөз, тосын образдар әкелді, ал, өлеңнің буын, ырғақтарына айрықша қуат, салмақ, тыныс енгізді, ұйқастарына темірдей тегеурін беріп, қаққан қазықтай қызмет атқарғызды.** Ол жасаған ұйқастың, әңгіме буын өлшемінде емес, сол бүрқыраған күшті ақындық ойға сәйкес, күрделі де тосын, тың жаңа бір кескінімен туындауында. Ой жаңа болған соң, образ жаңа болған соң, ұйқас та жаңа болуында. Оның әдейі жасалмай, қиналмай, бусанбай, өздігінен туып, өздігінен күйілуында. Өлеңді бастай жөнелгенде-ақ, оның болашақ

үйкастары болжаулы болмай, оларды ой ағысының озі алдына салып айдап келуінде, тұтқиылдан тууында.

Өзге емес, өзім айтам оз жайымда,
Жүректе жалын атқан сөз дайында! — деген сияқты.

Сонымен қабат, Қасым Аманжолов қазақ өлеңінің жырлау қабілетін, тақырып шеңберін, азаматтық кең құлашын дамытты да, байытты. Оның туған жер, Отан, қаһарман Армия, азаткер қоғам жайындағы аса қуатты, көркем образға, ақындық ысқақ ойға толы жомарт өлең-дастандары осыған куә. Бір ғана “Біздің дастан” поэмасы тақырып диапазоны, жырлау күдіреті, ақындық жұмсалған қайраты жағынан теңдесі сирек шығарма. Осының бәрін жинақтап келгенде, Қасым Аманжолов қазақ совет поэзиясының классик ақыны деу — ғылыми жағынан да, жай қарапайым ақиқат жағынан да әбден лайық тұжырым. Қасым формальдық жағынан қарағанда көп оқу бітірмеген кісі. Оқымаған деп әдейі айтпай тұрмын. Ол дүние әдебиетін, орыс классикасын оқымақ түгіл, көп аударған адам. Пушкиннің, Лермонтовтың, Шевченконың, Некрасовтың, Байронның ол аударған тамаша шығармалары әлі күнге көптеген ұрпақ жатқа айтатын, қайталанбайтын қазыналар. Кез келген өлең сүйгіш өркен:

Өтеді күндер, өтеді түндер,
Өтеді жазым зымырап.
Соғады дауыл, солады гүлдер,
Сарғаяды жапырақ.
Сыбағам қайда, сыбағам,
Жоқ па, сірә, ешқандай.
Жақсылық менен аясаң,
Жамандық бер, уа, Құдай! —

деп сайрап ала жөнелер еді. Қасым аударған өлеңдерді оз шығармаларынан бөліп ала алмайсың. Абайда да сондай ғой. Жаңағы сөзге оралсақ, Қасым олшеулі білім басқышының жоғарғы сатысында болмағанмен, шын мәніндегі білімнің, өмірлік тәжірибенің, ақындық өзгеше таным, түйсік, қиял алғырлығының биік сатысында болған адам. Оның кітап оқуы да ерекше болатын. Басталған ойдың, оқиғаның неге келіп тоқырауын, қолданған жазу әдісінің сипатын тез танып, болжап алатын да, әрі қарай уақыт оздырмайтын. Қарпайым айтқанда, көңіл көзі өткір, зердесі зерек адам еді. Ол солай, аударылмақ ақынмен бетпе-бет келіп алатын да, жарыса жырлап тартатын. Әңгіме кенет аударма жағына ауысып кеткендіктен, осыған байланысты айтылатын пікір — Қасым ақындығының ерекше қасиетіне осы алғашқы әсер

құбылыстың бірі аударма өнері екенін айта кету керек болады. Білетіндеріңіздің естеріңізде болар, Қасымның алғашқы аудармаларының бірі – Низамидің “Ләйлі-Мәжнүнінен” тараулар, Байрон өлеңдері. Соғысқа дейінгі Қасым творчествосында бұл аудармалардың ерекше орны бар. Осылардан бастап, Қасымның алғашқы соғыс өлеңдерінде жазу манерасы, тіл кескіні мүлде өзгеріп сала берген.

“Дауыл! Дауыл!” дегенге
Шықтық үйден дүркіреп,
Аспан тұрды төбемде
Аласұрып күркіреп, –

дегеннен бастап өзгеше Қасым, кейін біз білген Қасым басталып кете барады. Қасымның сол аудармаларындағы өзгеше сөз қолданыс, ерекше леп, бай сезім, тулаған қан, табиғи бояу дереу өз өлеңдеріне көшіп алған. Осыдан келіп соғыстың аласапыран динамикасы, катал шындық пен өлім сұмдығы, адамның рухани қайта тууы, қаһармандық серпіліс, әр адамның бойындағы ашу-кек, ыза секілді әшейін де көрінбейтін сирек сілкіністер – Қасым өлеңдерінің өне бойына қан болып тараған. Осыдан келіп бұрынғы, соғыс алдындағы өлеңдегі стандарт, схематизм мен схоластика, жайдақ ұран, жансыз айғайдың – ендігі жырға өлшем, нәр, қорек бола алмайтындығын айқын тану, анық сезіну мүмкіндігі туған. Ашынған, аласұрған ой, тепсінген сезім, буырқанған кек ескі өлеңнің көйлегін жыртып, сыртқа лақтыруға мәжбүр еткен.

Толассыз топанындай ертегінің
Өлеңнің қаптатармын отты селін, –

деп серт береді ол. Ал, содан соң, шынында да қара селдей қайсар өлең Қасым қаламынан тулап сала берді. Қасым ақындығының тарихы – Ұлы Отан соғысымен тығыз байланысты деуіміз сондықтан. Қасым творчествосындағы осы кезеңнің ұлы бір көрінісі. – “Абдолла” поэмасы. Әлі күнге дейін мұндай тұла бойынан от шашыраған, көрініс бояулары көз тұндыратын, мүлде шап-шақ қалпымен жай оғынан жасалған шақпақ тастай шымыр да жұмыр шығарманы қазақ өлеңінен кездестіру қиын.

Майдан етіп дүние төрін,
Темір гүрзі қақтап отқа,
Жекпе-жек кеп өмір-өлім,
Соққыласып жатқан жоқ па?
Көтеріп сол майдан жүгін,

Қалың жаудың ортасында,
Жүрегінің кекті зілін
Қоса түйіп қорғасынға
От қанатты бір жас ұлан, —

деп барған сайын үдей, өрши, шапшыған фонтандай боп басталатын дастан өзі бір-ақ уыс қалпымен сені уысынан шығармай, зымыратып ала жөнеледі. Баста миың, бойда қаның шымырлап, тұла бойың ысып-күйіп, дедектеген күйіңмен майданға сен де барып кіресің, Абдолламен қосыла ышқынып, қаһарға мінесің.

Қүдірет күші жер-жаһанның
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ыза-кегі,
Орна менің кеудеме кеп.
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл, жүрек!

Бастан-аяқ жатқа айтып шықпасаң, жарыса сипаттап жеткізу қиын дастан бұл. Осы күнгі орыстың үлкен ақыны Николай Тихонов: “бұл шығарма — қазақ поэзиясының інжу-маржаны!” — деп, Қасымның көзі тірісінде айтқан. Ғабит Мүсірепов: “Майданнан ескен жаңа леп”, — деп соғыс жылында “Социалистік Қазақстанда” жазған. Өз пікірім — қазақ хрестоматиясынан мәңгі тастамайтын шығарма осы дер едім.

Бұдан кейінгі — осы күнде әнімен қоса жырланып, халыққа тарап кеткен “Дариға сол қыз” олені. Бұл музыкасымен қосып айтқанда тұтас бір дастан, әсем дүние — әлгі Абдолланың, заңды жалғасы секілді. Мұнда жеңіс бар, жоғала жаздап табылған өмір бар, қайта тірілген арман бар. Өлеңдегі Дариға қыз образы — кейбіреудің түсінігіндегідей жалғыз қыз ғана емес, қыздай болған аяулы өмір бейнесі. Өмірін, жеңісін, бейбіт күнін, дос-жаранын, шаңырағын, от басын тапқан солдат қуанышы жайындағы дастан. Қасекең онша күшті дауысы болмаса да, не домбырамен, не гармонмен, бар қияпат нұрына түсіп, көзінде жас, мандайында тер жылтырап отырып, балқып айтқанда, даусының бар-жоғы білінбейтін. Жалпы, Қасекеңнің музыканттық қабілетін көтеріп, композитор еді деудің қажеті болар-болмас, тегінде, соншама жомарт талант иесінің бойында бұл өнердің де болуы оның ақындығына көрік қосып тұрған нәрсенің бірі деймін өз басым. Ол музыкалық көп аспапта ойнаушы еді. Ойхой, гармонды құлаштап, домбыраны

сұңқылдата, суылдата тартып, скрипканы желбезегін келтіре тіреп, көзінің қарашығы түгел аунап, сызылтып отырған кезіне кезіксең, сен бір адам құшағына емес, жайлау төсіне жығылғандай болатынсың.

Тегінде, Қасекең өз өлеңдерін, әмәнда шабытын музыкамен шақырып алып, белгілі бір әуенмен жазатын сияқты еді. Оның өлеңдеріндегі музыкалық әуеннің бірден сезіліп тұратындығы да осыдан болса керек. “Дариға сол қыздан” соғыс, майдан лирикасы шоғыр болып, Қасым өлеңдерінің қақ төрінен орын алды.

“Менің бір бар еді ерке тентек ұлым,
Қайда екен, тірі ме екен сол құлыным” —
Дейтіндей болдың-ау сен, туған елім,
Жоғалдым, көптен бері шықпай үнім.
Жоқ, әлі өлген жоқпың, жүрмін тірі,
Өлді деп өсек айтар сұмның бірі.
Салсам да отқа-суға тозар емен,
Солдаттың етігіндей жаным сірі, — дейтін.

“Туған елге” атты өлеңі.

Оралым, шықтың алдымнан,
Оралым менің, Оралым.
Қол созып қызыл вагоннан,
Үстіңнен өтіп барамын, — дейтін “Орал”.

Ғабдолым, алдым хатыңды,
Жарқ етті кеште бір бақыт.
Сенің от махаббатыңды,
Шырақ еттім бейуақыт.
Қып-қызыл дария майданға
Басыммен сүңгіп келемін.
Бойлап бір шығып қайранға,
Ойлап бір кешіп тереңін.
Білмеймін, қайда жоғалттым
Сескену, қорқу дегенді,
Есігін қақтым дозақтың
Өлеңмен келіп мен енді.
Қалсам бір қаусап мен өліп,
Достарым, аңсап өкінбе.
Найзағайлы қара бұлт болып,
Жаңбыр боп жауып өтті де, —

дейтін “Ғабдолға хаты” — тағы толып жатқан өзіміз жатқа айтып жүрген өлеңдерінде Қасымның бар ақындық тұлғасы, мінезі, өмірбаяны қаз-қалпында сайрап тұр.

Қасымның туған жер, Отан туралы өлең-толғаулары да қайталанбас образға, ерекше сергек таза шабытқа толы шығармалар. “Туған жер” өлеңін кез келгеніміз өзіміздің айтар сөзіміздей қадір тұтып, қазір небір қуанышты жиындарда адал сырымызбен қосып, ақтарыла айтамыз.

Азаматтық тақырыптағы жырлардың өзін барынша шынайы ақындықпен жазу – Қасым творчествосының бізге қалдырған аяулы үлгісі болып табылады. Жаза білсе, жалаң тақырып жоқ дегенді ол бізге күнде айтып тұрғандай.

Қасым барынша адал, шын принципшіл, нағыз ақын еді. Ол партия мүшесі болатын, ол осы атақты мейлінше сүйіп, құрметтейтін, идеал тұтатын, оның саяси бағыты да, ақындық беті де айрықша бекем, табанды, тұрақты еді. Ол заман айтқызыған өмір бұйрығын, күн талабын зеректікпен ұғынатын. Оның міндетін, тапсырмасын орындау – ақындық, перзенттік борышым деп білетін. Ал, ақындықты аса биік қайраткер, қоғам қайраткері, қасиетті қызметкер тұтынатын.

Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден.
Жетімдік тағдыр жетті ептеп
Қабағы қату түксиген.

Өмірден үміт жоқ өзге,
Даланың тердім тезегін.
Әкем боп таптың сол кезде
Отаным менің өз елім, –

дегені қайсымыздың есімізден кетеді?!

Елін бар жүрегімен сүйген, азат күніне бар көңілімен сүйсінген ақынның сөзі бұл.

Осы азаматтық тақырыпты шебер жырлауының өзі Қасымды нағыз биік мағынасындағы заман ақыны дәрежесіне көтеріп тұр. Осы тақырыптың ең үлкен шығармасы – жоғарыда айтқан “Біздің дастан” поэмасы. Бұл Қасымның соғыстан соңғы болсын, өзінің бар творчествосында болсын. ең шоқтығы биік шығарма. Заманды, жаңа құрылысты жырлауды көбіне-көп Маяковскийден үйренген ол бұл дастанында да өзінің ақындық күлаш сермеуінде, тәсілінде. образдар жүйесінде Маяковскийдің ізгі әсерін пайдаланады. Бірақ қазақ топырағында, қазақ өлеңінің табиғатында өзі де Маяковскийдей өзгеше айту дәрежесіне көтеріледі.

Дастанның белгілі бір тарауларының белгілі себептермен қаралу жағы – оның осы күні Қасым творчествосында атап өтуге кесірі тиіп келгенін жасыруға болмайды. Ол тарауларсыз-ақ, ол дастан өзге сүйегімен де қазақ поэзиясының

маржанына жататыны сөзсіз. Зерттеуші жолдастары бұл мәселеге оралуға тиіс.

Ал, Қазақстан республикасы жайында, оның болашағы жайында жарқыраған, шабытпен жазылған өлеңдер қаншама! Осы күнге дейін мейрамдар үстінде радиодан Қасым өлеңдері саңқылдайды. Қазақстан жайында болсын, жалпы азаматтық үнді, кең дауысты деген өлеңдеріміздің шырқау тынысын бәріміз де сол Қасым қарқынынан алып келеміз. Қазіргі қазақ өлеңіндегі Қасымның сарқылмас ықпалы осы болса керек...

Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далаға жылап келіп, уанғам,
Бұл даланы алғаш көріп қуанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман, —

деп шалқыған Қасым. Осы күнгі ақындардан, қазақтың ескі даласы мен жаңасын жазған сәтті туындылары аспаннан түсе қалған жоқ.

Біз сүйсінгенде де, бір ақынды мақтағанда да, поэзиямыздың алды-артын жақсы білетін парасатпен жауапты сөйлесуіміз керек-ақ.

Сондықтан қазіргі жетістігіміз Қасымның, Қасым секілді өзге де мықты ақындардың әсері деуіміз керек. Тақырға шоп шықпайды. Қашан да поэзияны бағалағанда осы тарихи дәстүрлі ұмытпауымыз керек. Қасымдай патриот, ардагер азамат, адал еңбеккер болу ақындардың бар ұрпағының борышы. Ол бізге осынысымен де үлгі, ғибрат.

Қасымды жалған ұғып, жай кастерлеу, яғни “Қасым өр, тәкаппар бопты, тентек екен, қорықпайтын қайсар бопты” дегенді жамылып, бос басбұзарлыққа, кәсікі нашар мінезге басқан кездер де болған. Ол шын мәнісінде Қасымды жақсы білмеуден шыққан шала, надан, шалдуарлық еді. Біз, оны білетіндер, Қасымның азаматтық, ақындық тазалығын үнемі ондай ұғымнан аршып отыруымыз керек.

Қасым достықты да, жастықты да аса қадірлеген кісі. Екі тақырыпта да небір әсем өлеңдер жазған адам. Ол қазақ өлеңінің болашақ ұрпағына қолдан келген жақсылығын аяған жоқ. Небір жаңа көрінген жас талапқа ағалық ақылын, қол жәрдемін көп жұмсады, бауырына тартты, тәрбие көрсетті.

Өмірінің соңғы кезіне дейін жастарға қамқорлық жасаумен кетті. Ол кездегі сирек те болса жастардың өлең жинағын баспадан сұрап алып, ерінбей зерттеп, екшеп, саралап, өз редакциясымен шығарып жүрді. Осы күнгі белгілі ақындар Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов, Қуандық Шаңғытбаев

алғашында ақын болған Тахауи Ахтанов, Тәкен Әлімқұлов және басқалардың да алғашқы жыр кітаптары Қасымның қолынан өтті. Осының бәрі Қасым інімен қатар, ағаларды да қадірлеудің үлгісі еді. Ол қиын уақыттарда арқасын тіреген — Мұхтар, Ғабит, Әбділда, Тайыр және де өзге ағаларын ардақ тұтатын, бір түрлі риза, жомарт көңілмен кіршіксіз аймалар еді оларды. Қасым анық адамшылыққа, ірі қимылға, үлкен парасатқа өз басын үнемі баулушы еді деген пікірге дәлел болса керек-ті. Менің, Қасымның шәкірттерінің ең кішісінің, оның алпыс жылдығында арнайы баяндау сөзіне ие болып тұрғанымның өзі де сол Қасым рухына деген қазақ поэзиясының қазіргі өкілдерінің алғыс сезімі болар деп ойлаймын. Оның ардақты есімінің мәңгілігіне осы факты да айғақтың бірі. Бұл сапар көп естелік айтпадым. Ол ұзақ сөзге бастап кетуі мүмкін. Қасыммен қатар өмір сүрген, небір аяулы, ыстық шақтарды бастан кешірген қазіргі қазақ өлеңінің ағалары мәселенің ол жағын толтырар деп сенемін.

Жиырма жыл ішінде мүлде жаңа ұрпақ өсіп жетілді. Шілдеханасында Қасым өлеңі айтылғандар, Қасым есімі қойылғандар жиырма жасар азамат болды. Бұлар Қасым айтқан келер ұрпақтың басы еді. Өйткені олар ақын “қорпесін қырда қымтап” жатқанда “жер сарайын жаңғыртып” бірінші келіп жеткендер еді.

Қасымды қазақ халқының түгел білуі де осы мерзім ішінде. Ол соғыстан соңғы дәуірде, отыз жыл бойында өлеңін бүкіл жұрт жаппай жаттап кеткен алғашқы ақын десек, артық болмас. Қасым творчествосы арқылы бүкіл ақын атаулыны ел жүрегінде уақыт қолы қалай екшейтіндігін көруге болады.

Мен әдебиет зерттеуші ғалым емеспін. Өткен жылдар ішінде сандаған оқулықтар, әдебиет тарихының очерктері, диссертациялар мен дипломдық жұмыстар Қасым Аманжоловтың, қазақ поэзиясындағы орны мен ерекше қызметін бірсыпыра баяндады десе болады. Алайда Қасым үлкен ақын болғандықтан да, үлкендігі емес-ау, қазақ поэзиясының тарихындағы үлкен бір кезең болғандықтан да, оның тастап кеткен мұрасының түсінілу, ұғылу, танылу процесі де өсіп, дамып отырмақ. Жаңа қырлары мен сырлары, нақыш-өрнектері, көрегендігі мен болжамдары, әдіс-тәсілі мен қиял сиқырлары ашыла бермек. Бұл — табиғатында қайталанбас құбылыстардың, мәңгі құбылыстардың қасиеті. Бір ғажабы — тым ерте бастап, шапшаң толысып, өмірі тез таусылып кеткен таланттардың творчествосында сол өзі жасай алмай кеткен алдағы жылдардың, болашақтың суреті мен ойлары жатады. Олардың бізбен бірге көп уақыт қатар жасайтындығы да содан. Олардың ой-болжамдары, сөз қолданыстары саған

серік боп, үнемі қасында жүргендей, керегіңе күнде жарайтындай болуы содан. Асылы, көрегендіктің өзі адам рухының уақытқа бойұсынбауынан туған ба дейсің. Өйткені уақыт денені тоздырып, қартайтады, жоқ қылады, бірақ ақыл, сана әлдеқайда ұзақ ғұмыр жасауға жаралған секілді. Ол уақыттан сәл де болса озып барып, алдағы күннің сәулесін асыл айнасына түсіріп үлгіретін секілді. Сол сәуле дереу тіл ұшына оралатындай. Көрегендіктің бір кілті осында тәрізді. Қасым талантының бір қыры — осы көрегендігінде, қиял сиқырында.

“Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ!” — деп қызыға да таңырқай қарағанда, ол сол ұрпақты ой көзімен көріп отыр. “Қараймын” деп өзі де айтады ғой. Әйтпесе, әйтеуір, менен кейін бәрі жақсы болады”, — деп отырған жоқ. Бағдарлап қарағанға, осы жолдардың өзінен-ақ Қасымның қандай терең ой иесі екенін, қандай күштің ақыны екенін аңғаруға болады. Кейде ақынның барлық творчествосын тінтіп жатпай-ақ, осындай алтын шегелерін ми магнитіне ілкітіруге болады.

Сайып келгенде, енді жиырма жыл өткенде, тарихқа қарай кеткенде, әңгіме “Қасым солай еді-ау, былай еді-ау” емес, Қасымды оқи білу, жаңадан тани түсу мәселесінде болса керек.

Отызыншы жылдардың ортасында “тұла бойы ағыл да тегіл жыр болып”, халық поэзиясының бар нәріне сусындап, бірақ оның ғажайып сиқыр шеңберінен жағалай тулап шыға алмай тұрған Қасымды көрсең, енді аздан соң сонау “Құпия қызынан” бастап, Байронды аударудан кейін керемет бір ырғу, қарғу жасап, соғысқа кеп иек тіреген Қасымды көресің.

Бір нәзік сәуле күлімдеп еді,
Сұрапыл соғыс соқты да бұзды, —

деп өкінеді ол. Оның бұл сөзінде өмір бейнесі де, өлең тағдыры да бар еді ғой.

Бірақ оның ақындық темпераментін әлі ақыл билемеген кезі еді. Арнаны табатын ақыл ғой. “Ақылдың аспанында” деп өзі айтқандай, ақыл аспаны соғыстың қара түтініне қақалғанда, ақын жауыздықтың, зұлымдықтың не екенін көрді. Жаны түршігіп кетті. Оның сезімтал жүрегі қаһарға мініп, шиыршық атты, кеуде кекке толды. Баяғы асау, тентек ссізім, енді жауға жұмсар ақылды қаруға айналды. “Жау жолына атам сені, бомба бол да жарыл, жүрек!” — деп аласұрған ақынды көресің. Мұны оқып отырғанда сенің де денең қалшылдап кетеді. Ол сені сөйтейін деп отырған жоқ, өзі сөйтіп отыр. Ақындықтың күдіреті де сонда. Бар өнердің иесі осындай жан құрбаншылдығымен әулие...

Иә, сөзімізге қайтып оралсақ, соғыстың, алау ортінде, дәл осы тұста біз бұрын көріп-білмеген жаңа Қасым, мүлде ерекше, жаңа құдіретті ақын туып келе жатты.

Ел аспанында қанаты зілдей қорғасын соғыстың ауыр бұлттары баяу жылжып көшіп жатты. Солардың арасынан найзағай оты жарқылдаушы еді. Ол сол кездегі жаралы газеттерде анда-санда жарияланатын Қасым өлеңдері еді. Біз ақынды да, өлеңді де сағынып жүрдік. Сөйтіп жүргенде:

Жақсы екен ғой Алматым,
Алтын үйек астанам, —

деп ақын Қасым жарқ ете қалды. Және миығынан күліп:

Үстімде сүр шинелім,
Ақсаңдай басып келемін, —

деп мәз қылады. Тура Алматының көшесінде Қасым болып, елдің кеудесінен түсе қалған бір шумақ қуаныш домалап жүргендей. Ақынның қуанышы-ай, шіркін! Содан бүркырайі төгілген өлеңдердің бәрінде қуаныш, жеңіс — бәрі, бәрі! Оның өлеңдерінде Алматының шуағы жүзіп жүр. Не деген өмір екпіні, не деген жайсан жомарттық! “Біз барамыз күйге малып аяқты, Қолтығыннан қанат біткен сияқты”, — дейді ол. Рас. Қасым өлеңі қанат секілді еді.

Қасымның ақындық даңқын аспанға бір-ақ шығарған оның “Дауыл” атты соғыстан кейін іле-шала жарық көрген кітабы еді. Өзі де шап-шағын кітап соғыстан аман оралған тамаша ақынның, таңғажайып жүрегі секілді еді. Бұл талай маржаннан құрастырып жасаған соғыс суреті еді, соғыстың өткір хикаясы еді. Талай мыңдаған том болып жазылып жатқан соғыс тарихы осынау кішкентай кітапта түгел бар еді. Біз бауырға басып, басқа жастанып оқып ек. Ол өлеңдер кейін талай томдарында басылды да, бірақ сонау бір жұпыны ғана түрі бар сұрғылт кітап қоз алдымнан кетпейді. Мұқабасы да соғыс шинеліндей жұқа, әріптері де жүдеу, солдаттың тері, жардың жасы мен сағыныш исі келетін еді одан. Маған Қасымның еліне сүйікті ақын болуының басы сол кішкене кітапта тұрғандай болады ылғи. Сондықтан да оның томдарын құрастыру үстінде сол “Дауылға” көп сүйеніп, сондағының бәрін қайта қалпына келтіруге тырыстық.

Сөйтіп, Қасым творчествосы, теория тілімен айтсақ, қазақ поэзиясының талай жылдан соңғы ақындық құдіретті қайта танытқан және мүлде соны күш, түр, темперамент, мінез, көркемдік, айтқыштық, образ байлығы, тіл құдіреті — бәрін жаңадан жасап шыққан ақындық құбылыс болды. Қасымның өзінен бұрынғы да, кейінгі де жасаған керемет ықпалы осында.

Қасымды ұрпаққа оқытуда да, әдебиет тарихына жазуда да осы пікір түпкі қазық болуға тиіс. Оның ілгерілі-кейінгі барлық ақындар тобынан айрықша озық аталатыны осы мәселемен байланысты.

Анық шынайы сезімді, ақиқат шындықты, нағыз өлең өнерін биікке көтере жырлау кезеңі осы Қасымнан түбегейлі түрде басталып, кейін тұтас бір дәстүрге айналды. Сондықтан да ол мектептен оқыған шәкірт көбейді, қазақтың жаңа жақсы ақындар тобы дүниеге келді.

Қасымның екінші игі ықпалы, қазақ поэзиясындағы тарихи рөлі осында.

Мен Қасым өмірінің соңғы жылдарында жолықтым да, ол жылдарда ақын көбіне төсек тартып, сырқат болғандықтан, небір қызық өмір саяхатында, жол сапарларда яки халық арасында, жәй күнделікті тірлік, қызмет үстінде көрінетін ақынның адамшылық, пендешілік мінез-құлықтарын, әдет-әрекетін, сол арқылы болатын қызық оқиғаларын байқап, қорға алған жоқпын. Көрсем де, әлгі жағдайлармен байланысты аз көрдім. Сондықтан менің көбіне-көп айта беретінім — Қасымның ақындығы. Өйткені мен оның ақындық өнерінің нағыз кемеліне келе жатқан кезеңіне тап болдым. Асыл жүректің аурумен арпалысқан кезінде кездестім. Оның аржағындағы азғана жарқын жыл екеу-үшеу-ақ еді. 1946—1948 жылдар. О, осы екі жылда ол не істеп үлгірмеді?.. Менің қоз алдымда “Біздің дастан” жазылып, “Маскарад” пен “Полтава” аударылды. Толып жатқан лирикалық, азаматтық биік дауысты өлеңдер ол кездегі соғыстан соңғы ел тұрмысына, бейбітшілік тақырыбына арналып еді. Қасым шын мәнісінде дишапозоны өте кең, дүние-заман, тақырыбын мол қаусыратын, азаматтық даусы алысқа кететін небір өркешті, қиын тақырыптарды қысылмай, қымтырылмай меңгеретін, қиялы шабуылшыл, өлеңі жауынгер ақын еді. Ол қасиет — күнделікті бір жазғанын он жазатын, ой-өресі тар, төменде жорғалап жүретін көп ақынсымақтан айрықша қасиет, шын халықтық, ұлттық, ақындыққа бітетін қасиет еді. Ол ауылдың, аудан, облыстың не өлкенің өлеңшілеріндей емес, оның кез келген өлеңінен үлкен ақынның қолтаңбасын танып алуға болатын. Ол сонысымен үлгі еді. Әлі күнге есімде, тіпті, атағы дардай ақын-жазушылар, Қасымның ағаларының өзі ақындық шаруашылықтағы небір жауапты істерді, қорытынды пікірлерді Қасымға тапсырып, Қасымнан күтетін. Сол кездегі қаулап өсіп келе жатқан жастар творчествосы, оларға жасалатын творчестволық анализ, айтар билік немесе солардың тұңғыш жинақтарын редакциялау, құрастыру — бәрін Қасым атқарушы еді. Бұл — оның қалтқысыз әділдігі, ақындық

жомарттығы, көңілі арқылы болған беделімен қатар, болашақ алдындағы ағалық борышын тануынан еді, туған әдебиетіне деген алаңсыз адалдығынан еді. Осы күнгі белгілі ақындардың алғаш көрінген өлеңдерінде Қасымның ыстық демі жатыр, саусағының табы жатыр. Кейінгі толқынның Қасымға соқпай, оған көрсетпей, “өзім керемет болдым” дегенін көргенім жоқ. Кейін ұзақ жылдар өзіміз талай жас ақынға оймен де, қолмен де жәрдем ұсынып, ағалық етсек, алаңсыз қызмет жасасақ, ол біздің Қасымнан алған үлгіміз еді.

Сайып келгенде, бұл сөздердің тоғысар түйіні – Қасымның азаматтығы, ағалық қызметі, ұстаздығы, таза парасаттылығы, бөліп-жарары жоқ бүтіндігі болса керек. Бұл қасиет тек оқшау таланттарда ғана емес, сонымен қабат, ерекше адамгершілік жаратылыста жатса керек. Қасымда ғажайып талантпен бірге, ірі туыстық, биік адамдық қасиет егіз болатын.

Сондықтан да ол қазақтың болашақ әдебиетіне осылардан бір нәр қосылады-ау дегендерді аласұрып іздейтін, іздейтін де табатын. Не жасыратыны бар, қазіргі Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Қуандық Шаңғытбаев, Төкен Әлімқұлов және олардан кейінгі бір буын үрпақ Қасым жинаған мүліктері еді. Қасымның мүлкі – әдебиет мүлкі емес пе? Олардың қазір қандай ақын, қандай жазушы боп жүргендері көпшілікке мәлім. Осыларды ол Қазақстанның алуан торабынан жинаған. Қасым бүкіл Қазақстан өзімдікі деп ойлайтын. Ол туған республикасын тұтас жырлап қана қоймай, азаматтарын, ақындарын тұтас ұстап откен азамат. Иә, ол өсек, өтірік, сұрқиялық, ғайбат-қиянат аталатын жауыздық атты кәрі шалдың балаларын жек көретін еді. Жалпы, ол күйкі, қыл-қыбыр, ұсақтықпен жаны қас сілі-ау! Үнемі ірі сілтеуге құмар еді, шәкірттерін ірілікке үйрететін. “Арқанда Қазақстандай байтақ мекенің тұрғанда, ұсақ болған ұят емес пе?” – деп жекір еді ол. Ол қазақ даласының ұлылығын шын перзенттік жанымен ұғынып еді.

Шықшы тауға, қарашы кең далаңа,
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға.
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең,
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма? –

деуші еді ғой ол. Өзінің арнайы сазы бар осынау бір әрі қарапайым, әрі ұлы өлеңінде Қасымның далаға деген махаббаты жеріне жеткізе айтылған. Салған жерден сахара сахнасы кең ашылып, сары самалы бетке ұрып, кок жусаны аңқып, көкжиегі мұнартып қоя бермей ме? Не деген сүйкімді сиқырлық, рахат дүние! Не деген жайсаң кеңшілік! Ол өзінің

жұдырықтай денесіне сахараны қалай сыйғызып алғанына ғажап қаласың. Иә, Қасым Қазақстанның, тек қана туған даласының ақыны дегенде — дүние, Одақ поэзиясында, шіркін, аудармашысы келіскенде, осы даланы оның творчествосынан толық танып алатын болғандықтан айтамыз. Ақынның, үлкендігі қашан да сонымен өлшенсе керек. Осы күнгі Расул Фамзатов, Қайсын Кулиевтерді әңгіме қылғанда, оларды ең алдымен туған тауын, оның салт-санасын, тарихын, халқының даналығын жырлағаны үшін жақсы көрмейсің бе? Қасым творчествосынан біздің даланың ұлы бейнесі көрінгендіктен, қазақ халқының дарқан жомарттығы мен кеңшілігін көргендіктен, оның өнерпаз, әнші-күйші, жомарт табиғатын көргендіктен Қасымды Қасым дейміз.

Ол осынау даласына ұқсап, тұла бойы толы ән-күймен, баи музыкамен тербелетін еді.

Тірлікте тербелейін, тебіренейін,
Бір күні ұйықтап кетсем оянбаспын, —

дейтін. Менің бір бақытты жағдайым — Қасым ылғи тебіреніп, шабыт қанатында отырғанында кездесетінмін. Ол менің көңілімнен шығар. Әйтпесе, оның көңілсіз, күйсіз отырған кезі баршылық болатын. Пай-пай, бүкіл үйді жайма-шуақ жазға толтырып, жағалай қабырғаны үн, музыка кернеп, бес аспапта алма-кезек ойнап, көзінен жас аралас бақытты ұшқын шашып, алқымы, желбезегі кеуіп, ысыл қағып, құс түмсығының үсті сәл тершіп, қою қасы бір жоғары, бір төмен түсіп, есіп-есіп шайқалып отырап еді сабаз.

Жанымды салсаң жалынға,
Жанады-ау деп те сескенбен.
Жап-жасыл балғын шағымда
Шомылып өртке өскем мен.

Сол мезетте осы өлең оның осы тұрпатын айтып тұрғандай болатын. Мен оның, өлеңінің бәрін дерлік жатқа білетінмін. Оның барлық сәтін көргенімде, ішімнен осы тұсы қай өлеңінде бар деп, іздей бастайтынмын.

Иә, Қасымның бүкіл ақындық тұлғасы — біздің, өмір бойы қоз алдымыздан кетпейтін құбылыс. Өнердің болсын, тіпті, не жақсылықтың болсын, оның түп басында қолдаушысы — пірі тұру керек. Менің өлеңде апыл-тапыл басып келе жатқан арқан бойындай ғана жолымда ақындықтың жолбарысы түр еді. Ол мені жалына отырғызып, өмір атты, өлең, атты олкеге алып кетті. Қандай күшті талант болма, қолыңнан жетелеген адамың, сөнген күшің болмаса, ол сол өнерінің сондағы беделі, әулиесі болмаса, ол әулиең

шын биік парасатты нағыз кісі болмаса, орта жолға барғанда тез таусылып, тез сынып кетуің мүмкін. Және Қасым маған барынша балғын, барынша сенгіш сәби көңіл кезімде, бар тәрбиені қандай болмасын қағып алуға әзір күйімде кездесті. Оның адалдығы сонда — ол өз кемшілігін емес, жақсылығын үйретті. Әлі күнге есімде, ол маған:

“Жаным, мен өмірдің не ғаламат талқысына жастай түсіп, жолым қисық, қиғаш боп өскен адаммын. Кезінде ала алмаған білім мен тәрбие көп жетімдік көрсетіп жүр. Сондықтан менің бойымда керексіз кемшілік жәйттер болуы заңды, ол өзіме тән, сен оны алма, жақсымды ал!” — деген.

Міне, оның өзін асқақ сүйе тұра, өзіне қатал бола да білетін ерлік қасиетін сонда таныдым. Бұл да оның анық адамгершілігінің бір үшқыны еді. Әйтпесе, еліктегіш, иілгіш, жас шыбық кезімде мен ол қалай қисайтса, солай қисая беруім хақ қой. Ол мені осы қауіптен сақтап қалды. Болмаса, “Қасым бір бет, өжет, қайсар, тентек екен, шарапты да қолдайды екен, мен сондай болам” деп, тіпті, оның алдын көрместен, сырт буына мәз боп кейін бұзылып кеткен жас таланттар болды. Ол сұңқар тектес таза рухтың адамы еді.

Әңгіменің басқы кезінде Қасымды бар жағынан тағы байқап, уақыт таразысымен таныр болайық дегенге сайып келеміз ғой. Әрбір бес-он жыл өткен сайын Қасымды жақсырақ біледі дегендердің өзі — мына біз, оның кескін-келбеті алыстаған сайын оған жақындай түсетінімізді сезіп келеміз.

Біздің Қасымға деген сүйіспеншілік сезіміміз бәсеңдемек емес.

Бүгін де Қасым аты аталған жерде халық бір жақсы ақыным болды деп еске алады, жиі еске алады. Бір жас ақынның жақсы өлені бар. Онда бір шофер қасында отырған бір әкімнің Қасымды білмеймін дегені үшін әлгіні машинадан түсіріп кетеді. Бұл жасанды нәрсе емес. Солай болғанына біз сенеміз.

Міне, ел үшін Қасымның кім болғанына айғақ нәрсе. Қасымды танығаны — халықтың нағыз ақынды танығаны, өленді танығаны. Біз, шәкірттер, кейінгі қазақ ақындары соған қатты қуанамыз.

Қазір жиырма жыл өткен соң, кешіректеу болса да. “Жазушы” баспасы өз ұйғарымымен Қасым Аманжоловтың төрт томдық шығармаларын қайта басып шығаруды қолға алып отыр. Бұл баспа мәдениетімізге де, жалпы поэзия сүйгіш қауымға да үлкен игілікті іс. Ақынның қайтыс болуына жиырма жыл толу үстінде бұл Қасым рухына жасалған үлкен

құрмет деп бағалаймыз. Қасым айтқан бақытты ұрпақтың жомарт сыйы, жүрек махаббаты осы болмақ.

Бұл төрт томдық шығармалардың құрастырылу, іріктелуінде сол баяғы қалың оқушы қолына ұстар қадірлі мүлкіндей болып кеткен үш томдық шығармалар түзілімінен көзге түсетіндей көп айырма жоқ.

Бұл сапар ең ауыз толтырып айтатын жұмыс — Қасымның ақындық шырқау биігін танытатын 1940—1955 жылдар арасында жазылған шығармалары, оның ішінде негізінен “Дауыл” атты өлең кітабы уақыттың әр қилы мінезімен, әр түрлі таным-талаптың құбылып тұрған бір тұстарында шарасыздықтан кейбір өзгерістерге ұшырағанын оқырман қауым, әсіресе, оның кейінгі ұрпағы біле бермейді. Ең алдымен осы жолы соларды қалпына келтіру мақсаты ескерілді.

1952 жылы, Қасымның өз көзінің тірісінде, алғаш рет оның таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді. Мен оның редакторы болатынымын, институттан жаңа ғана шығып, баспа жұмысына жаңа араласа бастаған, қай жағынан да жас, шалағайлау маған бұл істің сеніп тапсырылғанына шексіз қуансам да, ол кезде өзіме толық ұстаз, толық аға болып үлгірген Қасым мүлкін әке мүлкіндей қабыл алып отырып, қатты қорыққанымды да енді жасыруға реті жоқ. Айтайын деп отырғаным ол емес, сол кездегі уақыттың қиындығы. Баяғы бір уақыттың қырсық құйыны қайта көтеріліп, сол бір екі-үш жыл ішінде “сен анаусың, сен мынауың” қайта басталғанда, сол құйынның ішінде Қасым есімі әрі көңілсіз, әрі жиі аталып жатқан түс болатын. Оның, бар айыбы — туған ұлтын, туған Қазақстанын, ата-баба дәстүрін, тілі мен өнерін айрықша жүрекпен сүйіп, ерекше өткір, алаңсыз жырлауы болатын. Өзі қиын науқас үстінде жатқан адамға мұның қандай соққы екені айтпаса да түсінікті ғой. “Кітапты шығарса да болар, бірақ бірсыпыра түзету керек” деген әлдекімдердің қатал тұжырымы менің редакторлық қуанышымды осылайша басып тастаған еді. Мен, қазақша айтқанда, “екі оттың ортасында” — Қасым мен баспаның ортасында қалдым. Осы халімді аса бір алғыр зеректікпен, уақыт мінезін тез танығыш қабілетімен сезген Қасым маған: “Шырағым, көп қиналма, істе дегендерін істеп бер. Жас болсаң да, өзімдей сенейін, менің қазір оларды жөндеуге рухым да көнбейді, денсаулығым да жетпейді, Сен менің өлендерімнің жүйке-тамырын танысың ғой, бар әліңше байқап көр де, маған алып кеп таныстыр!” — деп, байлауын өзі, айтты. Мен талай қолдан өтіп, шимайланған қолжазбаны жүрегім сыздай отырып, жөндеуге кірістім. Қанша қайрат